

# ҚАДІРЛІ ӘРІШТЕСТЕР, ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

**Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан реформалар елімізді прогрессивті даму жолына бағыттап, мемлекет пен қоғамның іргесін бекіте түсуде. Биылғы жылы еліміздің тәуелсіздік алғанына 25 жыл толады. Бұл жылдар ұлы бастамалар, ерен еңбек пен табыстардың кезеңі ретінде ел тарихында қалады.**

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында: «Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнінде – 1 наурызда барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, жанашырлық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленсе әділетті болар еді», - деп бастама көтерген болатын. Міне, содан кейін көп ұзамай 2016 жылдың 14 қаңтар күні Елбасының Жарлығымен 1 наурыз «Алғыс айту күні» болып жарияланды. Бұл күн, ең алдымен, адамның адамға құрмет көрсететін күні. Сонымен бірге халықтар достығы мен татулығы, ынтымағы мен бірлігі күні.

Тарихтан белгілі, сталиндік репрессия мен күштеп қоныс аудару жылдарында көптеген ұлттар өз атамекенінен күштеп жер аударылды. Соғыс жылдарында аш-жалаңаш азып-тозған, жер ауып келген өзге ұлт өкілдерін қазақ халқы құшақ жая қарсы алды. Ас-ауқатымен, баспанасымен бөлісті. Ең тар замандарда қазақ халқы қамқорлыққа алған өзге этнос өкілдері бүгінде өз бауырларымыз атанып, бізбен бірге бір халыққа айналды. Алғыс айту күні - тарихтан тағылым алатын күн.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылы ішінде этносаралық түсіністіктің шынайы моделі құрылды.

Қазақстан қоғамында толеранттылық ұлттық құндылық ретінде халық игілігіне айналды. Халқымыз «Тар жерде табысқан кең жерде келіседі» демейтін бе еді?! Бүгінде бейбітшілік пен тыныштық әр үйдің баға жетпес байлығына айналды. Ол қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлері мен мәдени үлгі-қалыптары негізінде қалыптасты. «Ел-жұрт», «Жеті ата», «қонақжайлылық», «асар», «сыйластық», «сабырлылық» – бұл ұғымдар қазақтардың дүниетанымы және өмір салттарының негізінде жатыр. Осындай құндылықтардың арқасында біздің ортақ үйімізде ырыс пен ынтымақ, татулық пен бірлік сақталып отыр. Отанға, туған жерге, өзіміздің ата-бабаларымызға, терең тарихымызға деген сүйіспеншілік бүкіл қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие.

Кең-байтақ Қазақ елін 140 ұлттың өкілдері мекендеп, тату-тәтті өмір сүруде. Жалпы адамзат тарихында ұлттар арасындағы ынтымақтастық пен бірлік, тұрақтылықтан артық құндылық жоқ. Бүгінде экономикасы қарқынды дамыған елдер қатарына қосылған Қазақстанның болашағының кемелді болуы да бейбітшілік пен келісімнің одан әрі нығая түсуіне тығыз байланысты.

«Аузын апса жүрегі көрінетін» бауырмал қазақ халқының атамекеніне қоныстанған өзге ұлт өкілдерімен тату-тәтті өмір сүріп, ынтымақтастықты нығайтудағы еңбегі, әрине, зор. 1 наурыз Алғыс айту күнінде жүрегі мейірім мен иманға толы қазақ халқына өзге ұлттардың айтар алғысы шексіз деп білемін. Қазақстан өз Отанына айналған өзге ұлттардың жүрегінде қазақ халқына деген құрмет пен ыстық ықылас еш уақытта ұмытылмайды. Қазақстанды мекендеп отырған өзге этностар қазақ халқының қамқорлығы мен қонақжайлылығы, парасаттылығы мен тектілігінің алдында бас иеді. Бүгінгі Алғыс айту күнінде Қазақ халқының қамқорлығы мен жанашырлығына ризашылығын білдіреді.

Елімізде алғаш рет аталып отырған Алғыс айту күні құтты болсын! Біздің міндетіміз - тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктерді сақтай отырып, одан әрі даму. Жасампаздық, бейбітшілік, татулық пен бірлік секілді елдік дәстүрлерге адал болу! Егеменді еліміздің еңсесі биік, тәуелсіздігі тұғырлы болсын! Сіздерге болағаттай берік денсаулық, шығармашылық табыстар тілеймін!

**Ж.Ұ.МЫРХАЛЫҚОВ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, т.ғ.д., профессор**